

Ұзынкөл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2014 жылға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2014 жылғы 11 шілдедегі № 206 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 24 шілдеде № 4957 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды (Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2015 жылғы 9 қаңтардағы № 5 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды (Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 09.01.2015 № 5 хаты).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8-тармағына сәйкес, Ұзынкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ұзынкөл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2014 жылға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау ұсынылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

К е з е к т е н т ы с
сессиясының төрағасы *А. Алимбаев*

А у д а н д ы қ
мәслихат хатшысы *В. Вербовой*

КЕЛІСІЛДІ:

"Ұзынкөл ауданының қаржы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
У. Наурузбаева

"Ұзынкөл ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бюджет

бөлімінің меңгерушісі

_____ *Г. Бобрешова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ